

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депуттарына,  
Қазақстан Халық партиясы  
фракциясының мүшелеріне**

2021 жылғы 22 сәуірдегі №ДС-158

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің Түркістан облысындағы Көксарай контрреттегіші мен Шардара су қоймасын қауіпсіз пайдалану бойынша қабылданып жатқан шараларға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап келесіні хабарлаймыз.

Түркістан облысының Сырдария өзеніндегі Көксарай контрреттегіші (бұдан әрі – ККР) 2011 жылы пайдалануға берілген, толық көлемі 3 млрд. м<sup>3</sup>, құрылысжайлардың өткізу қабілеті 500 м<sup>3</sup>/с.

ККР пайдаланылған бүкіл кезеңде Түркістан және Қызылорда облыстарының аумақтарында бірде-бір жойқын су тасқыны немесе ирригациялық жүйелер және жекелеген елді мекендерді су басу тіркелген жоқ. Жалпы алғанда контрреттегіш ыдысында 8 жыл ішінде 22,2 млрд. м<sup>3</sup> астам қысқы тасқын сулар жинақталып, вегетациялық кезеңде өзеннің негізгі арнасына ағызылды.

2018 жылы «Қазақстан қолданбалы экология агенттігі» ЖШС Көксарай контрреттегіші құрылысжайларының техникалық жай-күйіне кешенді георадарлық зерттеу жүргізді, оның нәтижесінде құрылысжайдың бойынан сүзгіш су ағынының қызметімен байланысты қауіпті инженерлік-геологиялық процестердің даму аймақтары анықталды.

Құрылысжайдың бойында авариялық жағдайлардың алдын алуға және болдырмауға бағытталған тиісті сүзгілеуге қарсы іс-шараларды жүргізу үшін 2020 жылы «Түркістан облысының Сырдария өзенінде тұрақтылықты арттыру бойынша Көксарай контрреттегішінің бөгетін реконструкциялау» жобасы бойынша жобалау-сметалық құжаттама (ЖСҚ) әзірлеу басталды.

ЖСҚ әзірлеуді аяқтау биылғы жылғы 3-тоқсанға жоспарланып отыр.

### *Шардара су қоймасына қатысты*

Шардара су қоймасы ирригациялық, энергетикалық және ауыз су мұқтажына арналған көпжылдық реттеуді жүзеге асыратын бірыңғай кешен болып табылады және құрылысжай ерекше стратегиялық маңызды мәртебесі бар объектіге жатқызылған.

1967 жылы пайдалануға берілген стратегиялық объект жұмысының сенімділігі мен тұрақтылығын арттыру, Қызылорда және Түркістан облыстарының төмен орналасқан жалпы саны 260 мың адамнан тұратын 231 ауылдық елді мекенде авариялық жағдайлардың алдын алу, сондай-ақ су басу қаупін жою мақсатында 2010 жылы Шардара су қоймасына көп факторлы тексеру жүргізілді.

Көпфакторлы зерттеу қорытындысының нәтижесі бойынша Шардара және Арнасай бөгеттерінде, сондай-ақ Қызылқұм магистральды каналында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу туралы шешім қабылданды.

«Түркістан облысы Шардара су қоймасы бөгетін реконструкциялау және сейсмотұрақтылығын арттыру» жобасы (бұдан әрі – Жоба) іске асыруы 2019 жылы басталды.

Жобалық шешімдерге сәйкес жер бөгетінің гидроэлектростанция ғимаратымен түйіскен жерінде ұсақ түйіршікті материалды алып тастаумен түйіспелі суффозияны болдырмау үшін Шардара СЭС-нің жанасу учаскелерінде шпунттар орнату көзделген. Қазіргі уақытта жоба бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары 46 пайызға орындалды, құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтау 2022 жылға белгіленген.

Жобаның мақсаты гидротехникалық құрылысжайдың сенімділігі мен тұрақтылығын арттыру және авариялық жағдайлардың алдын алу болып табылады.

Бұдан басқа, ағымдағы жылы Су ресурстарын басқару жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекіту жоспарлануда, онда оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде Сырдария өзенінің сол жағалауындағы Шардара су қоймасында апатты су ағызуды салу жөніндегі жобаны да іске асыру көзделген.

Жалпы алғанда, аталған су шаруашылығы құрылысжайларының қауіпсіздігі мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**Р. Скляр**